

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 27 мамырдағы N 107-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 2-4 маусымда Астана қаласында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 2-4 маусымда Астана қаласында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөнінде ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
қосымшаға сәйкес Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге қатысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайында қонуын ж ә н е о д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, Астана әуежайы мен көшелерін безендіруді, сондай-ақ мәдени бағдарламаны ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоны күтіп алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қонақасыдағы концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 7 м а м ы р д а ғ ы
N 1 0 7 ө к і м і н е
қосымша

Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясының мүшелерін (1+1+16), бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Екі жақты кездесулер үшін "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйінің "Стамбул", "Токио", "Мәскеу" конференция өтетін залдарын жалдау және безендіру.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсатнамалар, кувертка карталары, ресми қонақасыға шақырулар) дайындау.

5. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

6. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Қытай Халық

Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның құрметіне ресми қонақасы ұйымдастыру.

8. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК